



НҰСҚАУЛЫҚ – 2026

ЭКСПАТ ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ

АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ЕМЕСТЕР ҮШІН

01.01.2026 бастап күшіне енеді

ШОЛУ

Экспат орталық (ЭО) – бұл шетелдік азаматтардың қазақстандық қоғамға тез бейімделуін қамтамасыз ету үшін «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін көпфункционалды орталық. Орталық шетел азаматтарының Қазақстанға көшуін барынша жеңілдету мақсатында ағылшын тілінде мемлекеттік және әлеуметтік қызметтердің кең спектрін ұсынады.

ЭО шетелдік инвесторлар мен қызметкерлерге жоғары деңгейдегі мемлекеттік және қосымша қызметтерді ұсына отырып, олардың Қазақстанға көшуін барынша жайлы етуге көмектеседі.


Бұл нұсқаулық АХҚО органдары мен қатысушыларына шетелдік азаматтар, қызметкерлер, сондай-ақ іскерлік серіктестер үшін ЭО-да қолжетімді қызметтерді алу процестері мен рәсімдерін жақсы түсінуге көмектесетін анықтамалық материал ретінде ұсынылған.

Нұсқаулықта қызметтердің толық тізімі бар, соның ішінде әр қызмет үшін мынадай мәліметтер қамтылған:

- Қызметтер сипаттамасы;
- Өтінім беру процесі;
- Құжаттар тізімі;
- Қызметтерге ақы төлеу және мерзімдері.

Мазмұны

ШОЛУ	2
ЖҰМЫС ВИЗАСЫ	4
ИНВЕСТОРЛЫҚ ВИЗА	9
УАҚЫТША ТҰРУҒА РҰҚСАТ	15
ТҰРАҚТЫ ТҰРУҒА РҰҚСАТ	16
ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ІСКЕРЛІК ВИЗА	18
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ІСКЕРЛІК ВИЗА	20
ВИЗАНЫҢ КҮШІН ЖОЮ	24
БАСҚА КӨШІ-ҚОН ЖӘНЕ САЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ	28
БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ	34



ЖҰМЫС ВИЗАСЫ

1. Қазақстаннан тыс жерлерде жұмыс визасын алуға арналған шақыру хат

Бұл қызмет Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі тартылатын шетелдік қызметкер мен оның отбасы мүшелері үшін жұмыс визасын алу үшін қажетті шақыру хатты ресімдеуге (1-қадам) мүмкіндік береді.

Шақыру хат келісілгеннен кейін оны Қазақстан Республикасының елшілігінен виза алу кезінде не Қазақстанның халықаралық әуежайларының біріне келгеннен кейін одан әрі пайдалану үшін шетелдік азаматқа жіберу қажет (2-қадам).

1-қадам, Экспат орталықта

Өтінім беру процесі

- [АХҚО порталы](#) арқылы құжаттарды жүктеңіз;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдаңыз. Нақты мәліметтеріңізбен «Шақыру хатты ресімдеу» қызметіне сұрауды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін Экспат орталығының офисіне келу қажет.

Қажетті құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Акционерлердің шешімі және заңды тұлғаның бірінші басшысын тағайындау туралы бұйрық (құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі/ компания басшысының немесе қызметкерінің қолы мен мөр қойылған құжаттардың көшірмесі);
- Өкілдік немесе филиал үшін заңдастырылған / апостильденген бас сенімхат (өкілдік/филиалға қатысты);
- Сенімхат және өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Визаны ресімдеу үшін шақыру хаттары 2 данада;
- Төлқұжаттың көшірмесі (төлқұжат виза мерзімі аяқталғаннан кейін кемінде 3 ай бойы жарамды болуы керек және кемінде 2 бос бетті қамтуы керек);

- Мемлекеттік баждың төленгенін растайтын төлем құжатының түпнұсқасы;
- Лауазымы мен жұмыс істеген кезеңі көрсетілген, екі тарап қол қойған еңбек шарты;
- Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат (егер ұсыну қажет болса);
- Қолданыстағы жұмыс визасы (отбасы мүшесінің визасы үшін);
- Заңдастырылған / апостиль қойылған неке / туу / бала асырап алу туралы куәлік (отбасы мүшесінің визасы үшін);
- Дербес деректерді өңдеуге келісім.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервис алымы	Мемлекеттік баж	Мерзімдер
«С3» санатындағы жұмыс визасы, сондай-ақ отбасы мүшесінің визасы үшін шақыру хаттарды рәсімдеу			
2 лет жылға дейін	730 000 KZT	0,5 АЕК (2 162.5 KZT)	5 жұмыс күні

Ескертпе: қызметті рәсімдеу мерзімі мемлекеттік орган тарапынан болуы мүмкін ықтимал күтпеген кідірістерді қамтымайды және қажет болған жағдайда мерзім күнтізбелік 30 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

2-қадам, Қазақстан Елшілігінде

Өтінім беру рәсімі:

- Келісілген шақыру хат (1-қадам);
- Өлшемі 3,5x4,5 см түрлі-түсті немесе ақ-қара фотосуреті бар визалық сауалнама;
- Төлқұжат (төлқұжат виза мерзімі аяқталғаннан кейін кемінде 3 ай бойы жарамды болуы керек және кемінде 2 бос бетті қамтуы керек);
- Консулдық алымдар туралы, сондай-ақ қосымша құжаттар туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Елшілігіне хабарласу арқылы алуға болады.

2. Қазақстан аумағында жұмыс визасын алу

Қызмет Қазақстан Республикасының аумағына келген жағдайда, тартылатын шетелдік

қызметкерге және оның отбасы мүшелеріне ЭО арқылы жұмыс визасын ресімдеуге өтінім беруге арналған.

Өтінім беру процесі

- [АХҚО порталы](#) арқылы құжаттарды жүктеңіз;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдаңыз. Нақты мәліметтеріңізбен «Виза алу» қызметіне сұрауды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін Экспат орталығының офисіне келу қажет.

Қажетті құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Акционерлердің шешімі және заңды тұлғаның бірінші басшысын тағайындау туралы бұйрық (құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі/ компания басшысының немесе қызметкерінің қолы мен мөр қойылған құжаттардың көшірмесі);
- Өкілдік немесе филиал үшін заңдастырылған / апостильденген бас сенімхат (өкілдік/филиалға қатысты);
- Сенімхат және өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Заңды тұлғадан виза беру туралы өтініш хат;
- Төлқұжат (төлқұжат виза мерзімі аяқталғаннан кейін кемінде 3 ай бойы жарамды болуы керек және кемінде 2 бос бетті қамтуы керек);
- Өлшемі 3,5х4,5 см түрлі-түсті немесе ақ-қара фотосуреті бар визалық сауалнама;
- Визаның көшірмесі (егер ұсыну қажет болса);
- Ағымдағы жылы дактилоскопиядан өткенді немесе верификациядан өткенді растайтын анықтама;
- Келу туралы хабарландыру;
- Лауазым мен жұмыс істеген кезең көрсетілген, екі тарап қол қойған еңбек шарты;
- Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат (егер ұсыну қажет болса);
- Enbek.kz порталынан жұмыс орнынан анықтама;
- Мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы;
- Қолданыстағы жұмыс визасы (отбасы мүшесінің визасы үшін);

- Заңдастырылған / апостиль қойылған неке / туу / бала асырап алу туралы куәлік (отбасы мүшесінің визасы үшін);
- Дербес деректерді өңдеуге келісім (отбасы мүшесінің визасы үшін).

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервис алымы	Мемлекеттік баж	Мерзімдер
«С3» санатындағы жұмыс визасын, сондай-ақ отбасы мүшесінің визасын рәсімдеу			
2 жылға дейін	730 000 KZT	30 АЕК (129 750 KZT)	5 жұмыс күні

Ескертпе: қызметті рәсімдеу мерзімі мемлекеттік орган тарапынан болуы мүмкін ықтимал күтпеген кідірістерді қамтымайды және қажет болған жағдайда мерзім күнтізбелік 30 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

3. Жұмыс визасын ұзарту

Бұл қызмет қолданыстағы визаны ұзартуға арналған. Өтінішті қолданыстағы виза аяқталғанға дейін 30-дан 5 жұмыс күніне дейін беруге болады. Осы мерзімдерден тыс берілген өтініштер қаралмайды.

Маңызды: ұзарту бұрынғы қабылдаушы тарап сақталған жағдайда ғана мүмкін болады. Ол ауысқан жағдайда виза алуға жаңа өтініш беру талап етіледі. Бұл ретте қажетті құжаттардың тізбесі сол күйінде қалады.

Ресімдеуден бас тартуды және көші-қон режимін бұзғаны үшін ықтимал айыппұлдарды болдырмау үшін өтініш беруді алдын ала жоспарлауды ұсынамыз.

ИНВЕСТОРЛЫҚ ВИЗА

1. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде инвесторлық виза алуға арнаған шақыру хат

Бұл қызмет Қазақстаннан тыс жерлерде инвесторлық виза алу үшін қажетті шақыру хатты ресімдеуге (1-қадам) мүмкіндік береді. Виза инвесторға және оның отбасы мүшесіне

беріледі.

Шақыру хат келісілгеннен кейін оны Қазақстан Республикасының елшілігінен виза алу кезінде не Қазақстанның халықаралық әуежайларының біріне келгеннен кейін одан әрі пайдалану үшін шетелдік азаматқа жіберу қажет (2-қадам).

1-қадам, Экспат орталықта

Өтінім беру процесі

- [АХҚО порталы](#) арқылы құжаттарды жүктеңіз;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдаңыз. Нақты мәліметтеріңізбен «Шақыру хатты ресімдеу» қызметіне сұрауды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін Экспат орталығының офисіне келу қажет.

Қажетті құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Акционерлердің шешімі және заңды тұлғаның бірінші басшысын тағайындау туралы бұйрық (құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі/ компания басшысының немесе қызметкерінің қолы мен мөр қойылған құжаттардың көшірмесі);
- Өкілдік немесе филиал үшін заңдастырылған / апостильденген бас сенімхат (өкілдік/филиалға қатысты);
- Сенімхат және өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Визаны рәсімдеу үшін 2 дана шақыру хат;
- Төлқұжаттың көшірмесі (төлқұжат виза мерзімі аяқталғаннан кейін кемінде 3 ай бойы жарамды болуы керек және кемінде 2 бос бетті қамтуы керек);
- Қазақстанның инвестициялар жөніндегі уәкілетті органының қолдаухаты;
- Қолданыстағы инвесторлық виза (отбасы мүшесінің визасы үшін);
- Отбасы мүшесінің визасы үшін заңдастырылған / апостиль қойылған неке / туу / бала асырап алу туралы куәлік;
- Дербес деректерді өңдеуге келісім.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Мемлекеттік баж	Мерзімдер
Шақыру хаттарды рәсімдеу («А5» санатындағы инвестор визасы, сондай-ақ отбасы мүшесінің визасы үшін)			
2 жылға дейін	730 000 KZT	-	5 жұмыс күні

Ескертпе: қызметті рәсімдеу мерзімі мемлекеттік орган тарапынан болуы мүмкін ықтимал күтпеген кідірістерді қамтымайды және қажет болған жағдайда мерзім күнтізбелік 30 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

2-қадам, Қазақстан Елшілігінде

Өтінім беру рәсімі:

- Келісілген шақыру хат (1-қадам);
- Өлшемі 3,5x4,5 см түрлі-түсті немесе ақ-қара фотосуреті бар визалық сауалнама;
- Төлқұжат (төлқұжат виза мерзімі аяқталғаннан кейін кемінде 3 ай бойы жарамды болуы керек және кемінде 2 бос бетті қамтуы керек);
- Консулдық алымдар туралы, сондай-ақ қосымша құжаттар туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Елшілігіне хабарласу арқылы алуға болады.

2. Қазақстан аумағында инвесторлық виза алу

Қызмет шетелдік инвесторға және оның отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағына келген жағдайда ЭО арқылы инвесторлық визаны ресімдеуге өтінім беруге арналған.

Өтінім беру процесі

- [АХҚО порталы](#) арқылы құжаттарды жүктеңіз;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдаңыз. Нақты мәліметтеріңізбен «Виза алу» қызметіне сұрауды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін Экспат орталығының офисіне бару қажет.

Қажетті құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Акционерлердің шешімі және заңды тұлғаның бірінші басшысын тағайындау туралы бұйрық (құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі/ компания басшысының немесе қызметкерінің қолы мен мөр қойылған құжаттардың көшірмесі);
- Өкілдік немесе филиал үшін заңдастырылған / апостильденген бас сенімхат (өкілдік/филиалға қатысты);
- Сенімхат және өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Қазақстанның инвестициялар жөніндегі уәкілетті органының қолдау хаты;
- Төлқұжат (төлқұжат виза мерзімі аяқталғаннан кейін кемінде 3 ай бойы жарамды болуы керек және кемінде 2 бос бетті қамтуы керек);
- Өлшемі 3,5x4,5 см түрлі-түсті немесе ақ-қара фотосуреті бар визалық сауалнама;
- Визаның көшірмесі (егер ұсыну қажет болса);
- 2025 жылы дактилоскопиядан / верификациядан өткенді растайтын анықтаманың түпнұсқасы;
- Келу туралы хабарландыру;
- Қолданыстағы инвесторлық виза (отбасы мүшесінің визасы үшін);
- Отбасы мүшесінің визасы үшін неке / туу / бала асырап алу туралы куәлік / заңдастырылған / апостиль қойылған;
- Дербес деректерді өңдеуге келісім.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Мемлекеттік баж	Мерзімдер
«А5» санатындағы инвестор визасын, сондай-ақ отбасы мүшесінің визасын рәсімдеу			
2 жылға дейін	730 000 KZT	-	5 жұмыс күні

Ескертпе: қызметті рәсімдеу мерзімі мемлекеттік орган тарапынан болуы мүмкін ықтимал күтпеген кідірістерді қамтымайды және қажет болған жағдайда мерзім күнтізбелік 30 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

3. Инвесторлық визаны ұзарту

Бұл қызмет қолданыстағы визаны ұзартуға арналған. Өтінішті қолданыстағы виза аяқталғанға дейін 30-дан 5 жұмыс күніне дейін беруге болады. Осы мерзімдерден тыс берілген өтініштер қаралмайды.

Маңызды: ұзарту бұрынғы қабылдаушы тарап сақталған жағдайда ғана мүмкін болады. Ол ауысқан жағдайда виза алуға жаңа өтініш беру талап етіледі. Бұл ретте қажетті құжаттардың тізбесі өзгеріссіз қалады.

Ресімдеуден бас тартуды және көші-қон режимін бұзғаны үшін ықтимал айыппұлдарды болдырмау үшін өтініш беруді алдын ала жоспарлауды ұсынамыз.

УАҚЫТША ТҰРУҒА РҰҚСАТ

Бұл қызмет төменде көрсетілген елдердің Қазақстан аумағындағы азаматтары үшін ғана қолжетімді. Уақытша тұруға рұқсат:

- Елде 30 күнтізбелік күннен артық болуды жоспарлаған ТМД елдерінің азаматтары;
- Елде 90 күнтізбелік күннен артық болуды жоспарлаған ЕАЭО елдерінің азаматтары үшін тиісті санаттағы визаны алмастырады.

1. Еңбек қызметін жүзеге асыру үшін

Өтініш беру процесі

- [АХҚО порталы](#) арқылы құжаттарды жүктеңіз;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдаңыз. Нақты мәліметтеріңізбен «Уақытша тұруға рұқсат» қызметіне сұрауды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін Экспат орталығының офисіне келу қажет.

Қажетті құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Акционерлердің шешімі және заңды тұлғаның бірінші басшысын тағайындау туралы бұйрық (құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды

куәландырылған көшірмесі/ компания басшысының немесе қызметкерінің қолы мен мөр қойылған құжаттардың көшірмесі);

- Өкілдік немесе филиал үшін заңдастырылған / апостильденген бас сенімхат (өкілдік/филиалға қатысты);
- Сенімхат және өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Уақытша тұруға рұқсат беруге өтініш-сауалнама;
- Төлқұжат түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- Шетел азаматының жеке сәйкестендіру нөмірі;
- Қолданыстағы уақытша тұруға рұқсат (егер ұсыну қажет болса);
- Тұрғын үй иесінің тұруға нотариаттық келісімі;
- Келу туралы хабарлама;
- Ағымдағы жылы дактилоскопиядан өткенді немесе верификациядан өткенді растайтын анықтама;
- Медициналық сақтандырудың көшірмесі (түпнұсқасы салыстыру үшін беріледі);
- Өтініш берушінің лауазымы мен жұмыс істеген кезеңі көрсетілген, екі тарап қол қойған еңбек шарты;
- Enbek.kz порталынан жұмыс орны туралы анықтама;
- Дербес деректерді өңдеуге келісім (отбасы мүшесінің визасы үшін);
- Неке / туу / бала асырап алу туралы заңдастырылған / апостиль қойылған куәлік (отбасы мүшелері үшін).

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Мерзімдер
Отбасы мүшелерін қоса алғанда, уақытша тұруға рұқсатты рәсімдеу/ұзарту		
Қызметкер үшін	240 000 KZT	1 жұмыс күні
Сарапшы үшін	200 000 KZT	1 жұмыс күні

2. Бизнес-иммигранттар үшін

Бұл қызмет бизнес-иммигрант мәртебесімен уақытша тұруға рұқсатты (УТР) ресімдеуге арналған. Бірінші кезеңде Қазақстан Республикасына кіру және 90 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге бастапқы УТР алу (1-қадам) жүзеге асырылады.

Өрі қарай заңды тұлғаны тіркеу немесе жұмыс істеп тұрған бизнестегі үлесті сатып алу қажет.

Осы талаптарды орындағаннан кейін УТР-ды 12 айға дейінгі мерзімге ұзарту (2-қадам) мүмкіндігі беріледі.

1-қадам, бастапқы УТР алу

Қажетті құжаттар:

- Уақытша тұруға рұқсатты беруге өтініш-сауалнама;
- Төлқұжат түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- Шетел азаматының жеке сәйкестендіру нөмірі;
- Тұрғын үй иесінен нотариалды куәландырылған келісім;
- Келу туралы хабарлама;
- Ағымдағы жылы дактилоскопиядан өткенді немесе верификациядан өткенді растайтын анықтама;
- 028/у нысандағы медициналық анықтама;
- Медициналық сақтандырудың көшірмесі (түпнұсқасы салыстыру үшін беріледі);
- Азаматтығы тиесілі мемлекеттегі сот шешімі негізінде соттылықтың және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйымның болуын не болмауын растау;
- Дербес деректерді өңдеуге келісім.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Мерзімдер
Уақытша тұруға рұқсатты ресімдеу		
Бизнес-иммигрант	240 000 KZT	1 жұмыс күні

Примечание: Первичное РВП выдается на физическое лицо, а также подается по месту регистрации собственника жилья.

Ескертпе: Бастапқы УТР жеке тұлғаға, сондай-ақ тұрғын үй иесінің тіркелген жері бойынша беріледі.

2-қадам, бизнес-иммигрант мәртебесімен УТР-ды ұзарту

Қажетті құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Сенімхат және өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Уақытша тұруға рұқсатты беруге өтініш-сауалнама;
- Төлқұжат түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- Шетел азаматының жеке сәйкестендіру нөмірі;
- Тұрғын үй иесінен нотариалды куәландырылған келісім;
- Келу туралы хабарлама;
- Ағымдағы жылы дактилоскопиядан өткенді немесе верификациядан өткенді растайтын анықтама;
- 028/у нысандағы медициналық анықтама;
- Медициналық сақтандырудың көшірмесі (түпнұсқасы салыстыру үшін беріледі);
- Азаматтығы тиесілі мемлекеттегі сот шешімі негізінде соттылықтың және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйымның болуын не болмауын растау;
- Дербес деректерді өңдеуге келісім.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Мерзімдер
Уақытша тұруға рұқсатты ресімдеу		
Бизнес-иммигрант	240 000 KZT	1 жұмыс күні

ТҰРАҚТЫ ТҰРУҒА РҰҚСАТ

Бұл қызмет [талап етілетін кәсіптер тізбесінің](#) талаптарына сәйкес келетін шетел азаматтары үшін тұрақты тұруға рұқсатты (ТТР) ресімдеуге арналған.

ТТР – Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығын растайтын қағаз құжат. ТТР ресімдеу тұруға ықтиярхат алуға (2-қадам) өтініш берер алдында міндетті кезең (1-қадам) болып табылады.

Қажетті құжаттар:

- Тұрақты тұруға рұқсат беруге өтініш-сауалнама;
- Қолданыс мерзімі өтініш берілетін күні күнтізбелік 180 күннен асатын төлқұжаттың түпнұсқасы не нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- Шетел азаматының жеке сәйкестендіру нөмірі;
- Азаматтығы бар мемлекетте соттылығы (соттылығының болмауы) туралы құжат;
- 14 пен 18 жас аралығындағы баланың тұрақты тұруға нотариалды куәландырылған келісімі;
- Жеке немесе заңды тұлғамен жасалған нотариалды куәландырылған шарт (Қазақстан Республикасында болған уақытында төлем қабілеттілігін растау үшін) не өтініш берушіге тұру үшін тұрғын үй беру және кемінде күнтізбелік 180 күн мерзімге тұрақты тіркеу есебіне қою туралы жеке немесе заңды тұлғаның нотариалды куәландырылған өтініші;
- 028/у нысанды анықтама;
- 3,5 × 4,5 см фотосурет;
- Мемлекеттік баждың төленгенін растайтын төлем құжатының түпнұсқасы;
- Ағымдағы жылы дактилоскопиядан немесе верификациядан өткенін растайтын анықтама;
- Дербес деректерді өңдеуге келісім.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Мемлекеттік баж	Мерзімдер
Тұрақты тұруға рұқсат алу	480 000 KZT	4 АЕК (17 300 KZT)	45 жұмыс күні

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ІСКЕРЛІК ВИЗА

1. Қазақстан Республикасынан тыс жерде іскерлік визаны алуға арналған шақыру хат

Бұл қызмет бір реттік іскерлік виза алу үшін қажетті шақыру хатты ресімдеуге (1-қадам)

арналған. Шақыру хат Қазақстанға іскерлік мақсаттар бойынша: іс-шараларға, келіссөздерге қатысуға, келісімшарттарға қол қоюға келетін шетелдік азаматтарға, сондай-ақ бизнес-иммигранттарға ресімделеді.

Шақыру хат келісілгеннен кейін оны Қазақстан Республикасының елшілігінен виза алу (2-қадам) кезінде одан әрі пайдалану үшін шетелдік азаматқа жіберу қажет.

1-қадам, Экспат орталықта

Өтінім беру процесі

- [АХҚО порталы](#) арқылы құжаттарды жүктеңіз;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдаңыз. Нақты мәліметтеріңізбен «Шақыру хатты ресімдеу» қызметіне сұрауды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін Экспат орталығының офисіне келу қажет.

Қажетті құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Акционерлердің шешімі және заңды тұлғаның бірінші басшысын тағайындау туралы бұйрық (құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі/ компания басшысының немесе қызметкерінің қолы мен мөр қойылған құжаттардың көшірмесі);
- Өкілдік немесе филиал үшін заңдастырылған / апостильденген бас сенімхат (өкілдік/филиалға қатысты);
- Сенімхат және өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Визаны рәсімдеу үшін 2 дана шақыру хат;
- Төлқұжаттың көшірмесі (төлқұжат виза мерзімі аяқталғаннан кейін кемінде 3 ай бойы жарамды болуы керек және кемінде 2 бос бетті қамтуы керек);
- Мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы;
- Дербес деректерді өңдеуге келісім.

Тарифтер мен мерзімдер

Сервистік алым	Сервистік алым (дербес менеджер) *	Мемлекеттік баж	Мерзімдер
----------------	---------------------------------------	-----------------	-----------

Бір реттік іскерлік визаны рәсімдеу үшін шақыру хатын дайындау (B1/B2/B3/C5)			
40 000 KZT	270 000 KZT	0.5 АЕК (2 162.5 KZT)	5 жұмыс күні

**Өтінім беру, құжаттарды тапсыру және дербес менеджер арқылы жеткізу рәсімі бойынша толық ақпарат және консультациялық қолдау.*

Ескертпе: қызметті рәсімдеу мерзімі мемлекеттік орган тарапынан болуы мүмкін ықтимал күтпеген кідірістерді қамтымайды және қажет болған жағдайда мерзім күнтізбелік 30 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

2-қадам, Қазақстан елшілігінде

Өтінім беру рәсімі:

- Келісілген шақыру хат (1-қадам);
- Өлшемі 3,5x4,5 см түрлі-түсті немесе ақ-қара фотосуреті бар визалық сауалнама;
- Төлқұжат (төлқұжат виза мерзімі аяқталғаннан кейін кемінде 3 ай бойы жарамды болуы керек және кемінде 2 бос бетті қамтуы керек);
- Консулдық алымдар туралы, сондай-ақ қосымша құжаттар туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Елшілігіне хабарласу арқылы алуға болады.

2. Бір реттік іскерлік визаны ұзарту

Бұл қызмет қолданыстағы визаны ұзартуға арналған. Өтінішті қолданыстағы виза аяқталғанға дейін 30-дан 5 жұмыс күніне дейін беруге болады. Осы мерзімдерден тыс берілген өтініштер қаралмайды.

Маңызды: ұзарту бұрынғы қабылдаушы тарап сақталған жағдайда ғана мүмкін болады. Ол ауысқан жағдайда виза алуға жаңа өтініш беру талап етіледі. Бұл ретте қажетті құжаттардың тізбесі өзгеріссіз қалады.

Ресімдеуден бас тартуды және көші-қон режимін бұзғаны үшін ықтимал айыппұлдарды болдырмау үшін өтініш беруді алдын ала жоспарлауды ұсынамыз.

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ІСКЕРЛІК ВИЗА

1. Қазақстаннан тыс жерде іскерлік визаны алуға арналған шақыру хат

Бұл қызмет Қазақстаннан тыс жерлердегі шетел азаматтарына көп реттік іскерлік виза алу үшін қажетті шақыру хатты ресімдеуге (1-қадам) мүмкіндік береді. Шақыру хат Қазақстанға жабдықтарды монтаждау, жөндеу және қызмет көрсету, консультациялық және аудиторлық қызметтер көрсету сияқты іскерлік мақсаттармен келетін шетелдік азаматтарға, сондай-ақ құрылтайшылар мен директорлар кеңесінің мүшелері үшін беріледі.

Шақыру хат келісілгеннен кейін оны Қазақстан Республикасының елшілігінен виза алу (2-қадам) кезінде одан әрі пайдалану үшін шетелдік азаматқа жіберу қажет.

1-қадам, Экспат орталықта

Өтінім беру процесі

- [АХҚО порталы](#) арқылы құжаттарды жүктеңіз;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдаңыз. Нақты мәліметтеріңізбен «Шақыру хатты ресімдеу» қызметіне сұрауды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін Экспат орталығының офисіне бару қажет.

Қажетті құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Акционерлердің шешімі және заңды тұлғаның бірінші басшысын тағайындау туралы бұйрық (құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі/ компания басшысының немесе қызметкерінің қолы мен мөр қойылған құжаттардың көшірмесі);
- Өкілдік немесе филиал үшін заңдастырылған / апостильденген бас сенімхат (өкілдік/филиалға қатысты);
- Сенімхат және өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Визаны рәсімдеу үшін 2 дана шақыру хат;
- Төлқұжаттың көшірмесі (төлқұжат виза мерзімі аяқталғаннан кейін кемінде 3 ай бойы жарамды болуы керек және кемінде 2 бос бетті қамтуы керек);
- Мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы;
- «B2» санаты үшін консультациялық, аудиторлық немесе монтаждау

- жұмыстарын көрсетуге арналған шарт;
- «В3» санаты үшін құрылтайшылардың немесе директорлар кеңесінің құрамына кіру туралы растау;
- Дербес деректерді өңдеуге келісім.

Тарифтер мен мерзімдер

Сервистік алым	Сервистік алым (дербес менеджер)*	Мемлекеттік баж	Мерзімдер
Көп реттік іскерлік виза (B2/B3) үшін шақыру хатты рәсімдеу			
40 000 KZT	270 000 KZT	0.5 АЕК (2 162.5 KZT)	5 жұмыс күні

* Өтінім беру, құжаттарды беру рәсімі және дербес менеджер арқылы жеткізу бойынша толық ақпараттық және консультациялық қолдау.

Ескертпе: қызметті рәсімдеу мерзімі мемлекеттік орган тарапынан болуы мүмкін ықтимал күтпеген кідірістерді қамтымайды және қажет болған жағдайда мерзім күнтізбелік 30 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

2-қадам, Қазақстан Елшілігінде

Өтінім беру процесі:

- Келісілген шақыру хат (1-қадам);
- Өлшемі 3,5x4,5 см түрлі-түсті немесе ақ-қара фотосуреті бар визалық сауалнама;
- Төлқұжат (төлқұжат виза мерзімі аяқталғаннан кейін кемінде 3 ай бойы жарамды болуы керек және кемінде 2 бос бетті қамтуы керек);
- Консулдық алымдар туралы, сондай-ақ қосымша құжаттар туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Елшілігіне хабарласу арқылы алуға болады.

2. Қазақстан аумағында көп реттік іскерлік визаны алу

Қызмет құрал-жабдықты монтаждау, жөндеу және техникалық қызмет көрсету, консультациялық және аудиторлық қызметтерін көрсету мақсатында Қазақстан Республикасына келген шетелдік азаматтар үшін, сондай-ақ құрылтайшылар немесе директорлар кеңесінің мүшелері үшін көп реттік іскерлік визаға өтінім беруге арналған.

Өтінім беру процесі

- [АХҚО порталы](#) арқылы құжаттарды жүктеңіз;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдаңыз. Нақты мәліметтеріңізбен «Виза алу» қызметіне сұрауды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін Экспат орталығының офисіне бару қажет.

Қажетті құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Акционерлердің шешімі және заңды тұлғаның бірінші басшысын тағайындау туралы бұйрық (құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі/ компания басшысының немесе қызметкерінің қолы мен мөр қойылған құжаттардың көшірмесі);
- Өкілдік немесе филиал үшін заңдастырылған / апостильденген бас сенімхат (өкілдік/филиалға қатысты);
- Сенімхат және өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Заңды тұлғадан виза беруге өтінішхат;
- Төлқұжат (төлқұжат виза мерзімі аяқталғаннан кейін кемінде 3 ай бойы жарамды болуы керек және кемінде 2 бос бетті қамтуы керек);
- Өлшемі 3,5x4,5 см түрлі-түсті немесе ақ-қара фотосуреті бар визалық сауалнама;
- Визаның көшірмесі (егер ұсыну қажет болса);
- Ағымдағы жылы дактилоскопиядан өткенді немесе верификациядан өткенді растайтын анықтама;
- Келу туралы хабарландыру;
- Мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы;
- В2 санаты үшін консультациялық, аудиторлық немесе монтаждау жұмыстарын көрсетуге арналған шарт;
- В3 санаты үшін құрылтайшылардың немесе директорлар кеңесінің құрамына кіру туралы растау;
- Дербес деректерді өңдеуге келісім.

Тарифтер мен мерзімдер

Сервистік алым	Сервистік алым (дербес менеджер)*	Мемлекеттік баж	Мерзімдер
----------------	--------------------------------------	-----------------	-----------

Көп реттік іскерлік визаны (B2/B3) рәсімдеу			
40 000 KZT	270 000 KZT	30 АЕК (129 750 KZT)	5 жұмыс күні

* Өтінім беру, құжаттарды беру рәсімі және дербес менеджер арқылы жеткізу бойынша толық ақпараттық және консультациялық қолдау.

Ескертпе: қызметті рәсімдеу мерзімі мемлекеттік орган тарапынан болуы мүмкін ықтимал күтпеген кідірістерді қамтымайды және қажет болған жағдайда мерзім күнтізбелік 30 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

3. Қазақстан аумағында бизнес-иммигранттың визасын ұзарту

Бұл қызмет заңды тұлға тіркелгеннен кейін бизнес-иммигранттың C5 санатындағы бір реттік визасын көп реттік визаға ұзартуға арналған.

Қажетті құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Акционерлердің шешімі және заңды тұлғаның бірінші басшысын тағайындау туралы бұйрық (құжаттардың түпнұсқалары немесе компания басшысының немесе қызметкерінің қолы мен мөр қойылған құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі/ көшірмесі);
- Өкілдік немесе Филиал үшін заңдастырылған / апостильденген Бас сенімхат (өкілдік /филиал үшін қолданылады);
- Сенімхат және өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Заңды тұлғадан виза беру туралы өтініш;
- Компанияның тіркелген жері бойынша әкімдіктен өтініш;
- Төлқұжат (төлқұжат виза мерзімі аяқталғаннан кейін кемінде 3 ай бойы жарамды болуы керек және кемінде 2 бос бетті қамтуы керек);
- 3,5х4,5 см өлшемді түрлі-түсті немесе ақ-қара фотосуреті бар визалық сауалнама;
- Визаның көшірмесі (егер ұсыну қажет болса);
- Ағымдағы жылы дактилоскопиядан немесе верификациядан өткенін растайтын анықтама;
- Келу туралы хабарлама;
- Мемлекеттік баждың төленгенін растайтын төлем құжатының түпнұсқасы;

- Дербес деректерді өңдеуге келісім.

Тарифтер мен мерзімдер

Сервистік алым	Сервистік алым (дербес менеджер)*	Мемлекеттік баж	Мерзімдер
Көп реттік іскерлік визаны (C5) рәсімдеу			
40 000 KZT	270 000 KZT	30 АЕК (129 750 KZT)	5 жұмыс күні

* Өтінім беру, құжаттарды беру рәсімі және дербес менеджер арқылы жеткізу бойынша толық ақпараттық және консультациялық қолдау.

Ескертпе: қызметті рәсімдеу мерзімі мемлекеттік орган тарапынан болуы мүмкін ықтимал күтпеген кідірістерді қамтымайды және қажет болған жағдайда мерзім күнтізбелік 30 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

4. Көп реттік іскерлік визаны (B2/B3) ұзарту

Бұл қызмет қолданыстағы визаны ұзартуға арналған. Өтінішті қолданыстағы виза аяқталғанға дейін 30-дан 5 жұмыс күніне дейін беруге болады. Осы мерзімдерден тыс берілген өтініштер қаралмайды.

Маңызды: ұзарту бұрынғы қабылдаушы тарап сақталған жағдайда ғана мүмкін болады. Ол ауысқан жағдайда виза алуға жаңа өтініш беру талап етіледі. Бұл ретте қажетті құжаттардың тізбесі өзгеріссіз қалады.

Ресімдеуден бас тартуды және көші-қон режимін бұзғаны үшін ықтимал айыппұлдарды болдырмау үшін өтініш беруді алдын ала жоспарлауды ұсынамыз.

ВИЗАНЫҢ КҮШІН ЖОЮ

1. Виза иесі Қазақстаннан шығып кеткен жағдайда визаның күшін жою

Бұл қызмет шетелдік азамат Қазақстан аумағынан кеткен жағдайда, отбасы мүшелерінің визаларын қоса алғанда, қолданыстағы іскерлік немесе жұмыс визасының күшін жою туралы ЭО арқылы өтініш беруге арналған.

Өтінім беру процесі

- [АХҚО порталы](#) арқылы құжаттарды жүктеңіз;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдаңыз. Нақты мәліметтеріңізбен «Визаның күшін жою» қызметіне сұрауды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін Экспат орталығының офисіне келу қажет.

Қажетті құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Акционерлердің шешімі және заңды тұлғаның бірінші басшысын тағайындау туралы бұйрық (құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі/ компания басшысының немесе қызметкерінің қолы мен мөр қойылған құжаттардың көшірмесі);
- Өкілдік немесе филиал үшін заңдастырылған / апостильденген бас сенімхат (өкілдік/филиалға қатысты);
- Сенімхат және өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Заңды тұлғадан визаны жоюға өтінішхат;
- Төлқұжаттың көшірмесі;
- Қолданыстағы визаның көшірмесі;
- Еңбек шартын бұзу туралы бұйрық (егер ұсыну қажет болса).

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Мемлекеттік баж	Мерзімі
Визаның күшін жою	40 000 KZT	-	1 жұмыс күні

Күшін жою туралы өтініш қабылданғаннан кейін іскерлік/жұмыс визасы, оның ішінде отбасы мүшесінің визасы жойылады. Осыдан кейін күші жойылған виза бойынша Қазақстанға кіру мүмкін болмайды.

2. Визаның иесі Қазақстанда болған жағдайда визаның күшін жою

Бұл қызмет кейіннен бір реттік шығу визаны ресімдей отырып, Қазақстан аумағындағы шетел азаматының қолданыстағы визасының күшін жоюға ЭО арқылы өтініш беруге арналған.

Өтінім беру процесі

- [АХҚО порталы](#) арқылы құжаттарды жүктеңіз;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдаңыз. Нақты мәліметтеріңізбен «Визаның күшін жою» қызметіне сұрауды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін Экспат орталығының офисіне келу қажет.

Қажетті құжаттар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (Egov.kz);
- Акционерлердің шешімі және заңды тұлғаның бірінші басшысын тағайындау туралы бұйрық (құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі/ компания басшысының немесе қызметкерінің қолы мен мөр қойылған құжаттардың көшірмесі);
- Өкілдік немесе филиал үшін заңдастырылған / апостильденген бас сенімхат (өкілдік/филиалға қатысты);
- Сенімхат және өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Заңды тұлғадан қолданыстағы визаның күшін жоюға және шығу визасын ресімдеуге өтініш;
- Төлқұжат;
- Ағымдағы жылы дактилоскопиядан өткенді немесе верификациядан өткенді растайтын анықтама;
- Келу туралы хабарландыру;
- Мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Мемлекеттік баж	Мерзімі
Визаның күшін жою және шығу визасын беру	40 000 KZT	0.5 АЕК (2 162.5 KZT)	5 жұмыс күні

Қолданыстағы виза жойылғаннан кейін шығу визасы 15 жұмыс күніне дейінгі мерзімге беріледі. Виза иесі визаның қолданылу мерзімі шегінде Қазақстаннан кетуге тиіс.

КӨШІ-ҚОН ЖӘНЕ САЛЫҚ БАСҚА ҚЫЗМЕТТЕРІ

Бұл қызметке сұрау салу ЭО-да келесі қызметтерге өтінім беруге мүмкіндік береді:

1. Келу туралы хабарлама немесе тұрғылықты мекенжайды өзгерту;
2. Жеке сәйкестендіру нөмірі;
3. Салық резидентінің сертификаты;

4. Электрондық цифрлық қолтаңба.
5. Дактилоскопиялық тіркеу (саусақ таңбасын алу).

Өтінім беру процесі

- [АХҚО порталы](#) арқылы құжаттарды жүктеңіз;
- Порталға кіріп, «Жаңа өтініш беру» батырмасын таңдаңыз. Нақты мәліметтеріңізбен қызметке сұрауды толтырыңыз және оны қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін жіберіңіз;
- Құжаттарды Экспат орталығы мақұлдағаннан кейін портал арқылы қабылдауға жазылуға болады. Құжаттарды тапсыру үшін Экспат орталығының офисіне келу қажет.

1. Келу немесе мекенжайды өзгерту туралы хабарлама

Бұл қызмет уәкілетті органдарға шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасының аумағына келгені не оның елде тұратын мекенжайының өзгергені туралы хабарлама беруге мүмкіндік береді.

Хабарламаны беру үшін (заңды тұлғаның ЭЦҚ-сын пайдалана отырып) мынадай деректер мен құжаттарды ұсыну қажет: шетелдік азаматтың Қазақстанда тұратын мекенжайы, дербес деректерді өңдеуге келісім, сондай-ақ шекарадан өту кезінде пайдаланылған шетелдік азамат төлқұжатының көшірмесі.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Мерзімі
Келу туралы хабарлама немесе тұрғылықты мекенжайды өзгерту	20 000 KZT	30 минут

2. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)

Жеке сәйкестендіру нөмірі – 12 саннан тұратын бірегей комбинация және оның қалыптасуы бірегейлік және өзгермеушілік қағидаттарының ескерілуімен автоматты түрде жасалады. Жеке сәйкестендіру нөмірін алу үшін шетелдік азаматтың жеке қатысуы міндетті. Жеке сәйкестендіру нөмірін алу үшін шетелдік азаматтың өзі келуі міндетті.

Қажетті құжаттар:

- Қазақстанға кіру жүзеге асырылған жеке деректері бар бетті қамтитын төлқұжат

(қазақ немесе орыс тіліне аудармасымен);

- Қазақстанға кіру жүзеге асырылған төлқұжаттың түпнұсқасы;
- Жеке деректерді өңдеуге келісім.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Сервистік алым (Priority Service) **	Сервистік алым (дербес менеджер)*	Мерзімі
ЖСН қалыптастыру	20 000 KZT	20 000 KZT	140 000 KZT	1 жұмыс күні

* Өтінім беру, құжаттарды беру рәсімі және дербес менеджер арқылы жеткізу бойынша толық ақпараттық және консультациялық қолдау.

** «Priority Service» опциясы құжаттарды басымдықпен беру сервисіне жатады және белгіленген сервистік алымға қосымша бөлек төленеді.

3. Салық резидентінің сертификаты

Осы қызмет қосарланған салық салуды болдырмау үшін халықаралық келісімдерді ескере отырып, Қазақстан аумағында табыс алатын шетел азаматының немесе компанияның салық міндеттемелерін айқындауға мүмкіндік береді.

Салықтық резиденттік сертификаты – бейрезиденттің резиденттігін, сондай-ақ табыс алушы-бейрезидент Қазақстан халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті болып табылатындығын растайтын құжат.

Қажетті құжаттар:

- Резиденттілікті растау туралы салықтық өтініш;
- Қазақстан Республикасында заңды тұлғаны тиімді басқару орнының болуын растайтын құжаттың (өткізілетін жері көрсетілген директорлар кеңесінің немесе осыған ұқсас органның жалпы жиналысының хаттамалары немесе негізгі басқару және (немесе) бақылау орнын, сондай-ақ заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін қажетті стратегиялық коммерциялық шешімдерді қабылдауды растайтын өзге де құжаттар) нотариалды куәландырған көшірмесі – тиімді басқару орны Қазақстанда болуының негізінде резидент болып табылатын шетелдік заңды тұлғалар;
- Азаматтығы жоқ тұлғаның шетелдік төлқұжатының немесе куәлігінің, Қазақстанда болу мерзімін растайтын құжаттың (виза немесе өзге де құжаттар), Қазақстанда тұруға ықтиярхаттың (болған жағдайда) нотариалды

куәландырылған көшірмесі – резиденттер болып табылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Сервистік алым (дербес менеджер)*	Мерзімі
Салық резидентінің сертификаты	100 000 KZT	300 000 KZT	3-5 жұмыс күні

* Өтінім беру, құжаттарды беру рәсімі және дербес менеджер арқылы жеткізу бойынша толық ақпараттық және консультациялық қолдау.

4. Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ)

Бұл қызмет электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) алуға өтінім беруге мүмкіндік береді. ЭЦҚ жеке тұлға үшін де, заңды тұлға үшін де ресімделуі мүмкін. Оны алу үшін [Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығының](#) порталында өтінім жасау қажет.

Өтінім беру барысында жүйе мыналарды сұрайды:

- жеке тұлға үшін – ЖСН;
- заңды тұлға үшін – БСН және бірінші басшының ЖСН.

Сондай-ақ өтінімді жасау кезінде ЭЦҚ кілттерінің сақталатын орнын (мысалы, компьютерге немесе USB-тасымалдағышта) көрсету қажет. Онлайн-өтінім аяқталғаннан кейін ЭО-ға тек ЭЦҚ-ны активациялау үшін жеке келу қажет болады.

Назар аударыңыз: ЭО-ға жүгінер алдында өтініш берушінің мобильді азаматтар базасында тіркелгеніне көз жеткізіңіз.

Жеке тұлға үшін:

- pki.gov.kz порталында қалыптастырылған өтінім;
- Жеке деректерді өңдеуге келісім.

Заңды тұлға үшін:

- pki.gov.kz порталында қалыптастырылған өтінім;
- Бірінші басшыны тағайындау туралы бұйрық;
- Жеке деректерді өңдеуге келісім.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Сервистік алым (Priority Service)**	Сервистік алым (дербес менеджер)*	Мерзімі
-------------	----------------	--	--------------------------------------	---------

Электрондық цифрлық қолтаңба	20 000 KZT	20 000 KZT	140 000 KZT	1 жұмыс күні
------------------------------	------------	------------	-------------	--------------

* Өтінім беру, құжаттарды беру рәсімі және дербес менеджер арқылы жеткізу бойынша толық ақпараттық және консультациялық қолдау.

** «Priority Service» опциясы құжаттарды басымдықпен беру сервисіне жатады және белгіленген сервистік алымға қосымша бөлек төленеді.

5. Дактилоскопиялық тіркеу (саусақ таңбасын алу).

Бұл қызмет дактилоскопиялық тіркеуден өтуге өтінім беруге мүмкіндік береді. Рәсім аяқталғаннан кейін дактилоскопиядан өту фактісін растайтын анықтама беріледі.

Назар аударыңыз: визаға немесе уақытша тұруға рұқсатқа қайта өтініш берген кезде верификация рәсімінен өту қажет.

Қажетті құжаттар:

- Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);
- Төлқұжат түпнұсқасы;
- Келу туралы хабарлама;
- Дербес деректерді өңдеуге келісім.

Тарифтер мен мерзімдер

Қызмет түрі	Сервистік алым	Мерзімдер
Дактилоскопиялық тіркеу	20 000 KZT	20-30 минут

Ескерту: Жұмыс визасын, инвесторлық визаны немесе уақытша тұруға рұқсатты ресімдеу кезінде дактилоскопия алдын ала тиісті визаға немесе уақытша тұруға рұқсатқа сервистік алым төленген жағдайда тегін жүргізіледі.

ЖҰМЫС КЕСТЕСІ

09:00-ден 18:00-ға дейін

13.00-ден 14.00-ге дейін – түскі үзіліс

ТОЛЫҒЫРАҚ АҚПАРАТ ҮШІН

Электрондық пошта: expat@aifc.kz

Байланыс ақпараты:

+7 (7172) 64 73 33 (Қоңырауларды қабылдау уақыты: 09:00 – 18:00)

+7 (7172) 64 73 40 (Қоңырауларды қабылдау уақыты: 14:00 – 18:00)

МЕКЕНЖАЙ

Мәңгілік ел даңғылы 55/18, С3.3 павильоны

Астана қ., 010017, Қазақстан.

